АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

2023 жылғы 16 ақпан № 71

Құлсары қаласы город Кульсары

Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 71 баптарын басшылыққа ала отырып, «Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 02 желтоқсандағы өтініші негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Жылыой ауданы, Құлсары қаласында орналасқан 17 кәріз айдау стансасына күрделі жөндеу жұмыстары және құрылысы жүргізілетін жер учаскелерін пайдалану үшін іздестіру жұмыстарын жүргізуге ауданы 1,4792 га жер учаскесін пайдалануға 3 (үш) жыл мерзімге рұқсат берілсін.

2. «Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімімен жер учаскесін инженерлік-геодезиялық және геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін пайдалану келісім шартын 10 жұмыс күндік мерзімнен кешіктірмей жасақтау;

2) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін жер салығын Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес төлеу;

3) жер учаскесін өз мақсатында пайдалану;

4) жерді бүліну процестерінен қорғауға, бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүргізу ұсынылсын.

3. Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі жер–кадастрлық құжаттамасына тиісті өзгерістер енгізсін.

Аудан әкімі **Ж.Қаражанов**

002245

Жылыой ауданы әкімдігінің
«16» ақпан 2023 ж
№ 71 қаулысына қосымша

«Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Жылыой ауданы, Құлсары қаласында 17 кәріз айдау стансасына ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін жер учаскелерін пайдалану үшін берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

№	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің ауданы, га	Жер учаскесінің пайдалану құқығы
1	КНС-1	0,2113	Уақытша өтеусіз
2	КНС-2	0,0224	Уақытша өтеусіз
3	КНС-3 Вокзал	0,0323	Уақытша өтеусіз
4	КНС-4 Водстрой модульный (перенос)	0,008	Уақытша өтеусіз
5	КНС-5	0,18	Уақытша өтеусіз
6	КНС-6	0,0229	Уақытша өтеусіз
7	КНС-7 ПНГС	0,0356	Уақытша өтеусіз
8	КНС-8 (Атырау жарық)	0,03	Уақытша өтеусіз
9	КНС-9 Алау	0,014	Уақытша өтеусіз
10	КНС-10 Больница перенос модульный	0,0025	Уақытша өтеусіз
11	КНС-11 (ОРС)	0,013	Уақытша өтеусіз
12	КНС-12 Вокзал (2)	0,05	Уақытша өтеусіз
13	КНС-13 Базар (модульный)	0,002	Уақытша өтеусіз
14	КНС-14 Новостройка (гном модульный)	0,0016	Уақытша өтеусіз
15	КНС-15 (20 үйлік алды)	0,0016	Уақытша өтеусіз
16	ГКНС Промзона	0,2520	Уақытша өтеусіз
17	ГКНС Промзона 2	0,6	Уақытша өтеусіз
	Барлығы:	**1,4792 га**	